

Әлиакбарова А.Т.,  
Бекишева Р.М.,  
Рскелдиева Д.Б.

**Қазақ антропонимиясының  
лингвомәдени ерекшеліктері**

Aliakbarova A.T.,  
Bekisheva R.M.,  
Rskeldyeva D.B.

**Linguacultural peculiarities of  
kazakh anthroponymy**

Алиакбарова А.Т.,  
Бекишева Р.М.,  
Рскелдиева Д.Б.

**Лингвокультурные особенности  
казахской антропонимии**

Мақалада өткен ғасырлардан бастап қазіргі кезеңге дейінгі қазақ халқының тарихы мен мәдениетін аңғартатын тіл білімінде ономастиканың бір саласы антропонимия мәселелері қарастырылады. Семантикалық тұрғыда қазақ тіліндегі кісі есімдері мен тегі халықтың рухани әлемі, тұрмыстық жағдайы, наным-сенімдері және дәстүрімен тығыз байланысты. Қазақ антропонимиясының ерекшелігі кісі есімдерін таңдаудағы шексіздікпен түсіндіріледі. Мұнда қоғамның әлеуметтік өмірі: қоғамдық институттар, шаруашылық, халықтың салт-дәстүрі айқын айшықталады.

**Түйін сөздер:** ономастика, антропоним, антропонимика, антропонимия, кісі аты, тегі, әкесінің аты.

---

This article is devoted to the basic Kazakh anthroponymy reporting the cultural and historical life of the people, from ancient times to the present day. In the semantic relation Kazakh personal names and surnames are closely associated with traditions, beliefs, ways of life, the spiritual world of humanity. One of the peculiarities of personal names and surnames of Kazakhs is unrestricted quality in the choice of personal names. They reveal the social life, social institutions, economy, customs and traditions of the nation, the spiritual world.

**Key words:** onomastics, anthroponym, anthroponymics, anthroponymy, surname, name, patronymic.

---

В данной статье рассматривается казахская антропонимия, которая отражает культурно-историческую жизнь народа, начиная с древних времён и до наших дней. В семантическом отношении казахские личные имена и фамилии тесно связаны с обычаями, верованиями, бытом народа, духовным миром человека. Особенностью личных имен и фамилии казахов является неограниченность в выборе личных имен. В них раскрывается социальная жизнь общества: общественные институты, хозяйство, обычаи и традиции народа.

**Ключевые слова:** ономастика, антропоним, антропонимика, антропонимия, фамилия, имя, отчество.

**ҚАЗАҚ АНТРОПО-  
НИМИЯСЫНЫҢ  
ЛИНГВОМӘДЕНИ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Халық тілінде өз ұлтының тарихын жасауда ономастиканың орны ерекше екені мәлім. Тарихи даму сатысында түрлі дәуірлер оқиғасы сол ұлттың өз тілінде сақталып, келер ұрпағына жетеді. Келер ұрпақ үшін өз ұлтының бастан кешкен оқиғалары елеусіз қалмауына, қайта көпшіліктің назарын аудартып, әлде бір болған оқиғалардың халық үшін ұмытылмай айтылып жүруі сол ұлттың тілінде сақталып қалған сөздер мен жалқы есімдерге байланысты болады.

Жалқы есімдер кез келген тілдің лексикасында елеулі орын алады. Оны тіл білімінің «ономастика» деп аталатын саласы зерттейді. Кез келген тілдің лексикалық қорының мәнді бір қабатын жалқы есімдер құрайды. Оларсыз адамзат қоғамының қарым-қатынас қызметі іске аса алмайды. Ономастика ғылымының нақты анықтамасын беретін болсақ, ономастика (грек. *onomastike* – ат қою өнері) – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы болып табылады [1, 255].

Ономастиканы (кісі аттарын, жер, су, ру, тайпа аттары т.б.) зерттеудің теориялық-әдістанымдық негіздерін тілмен сабақтастықта қарастыратын ұлттық, этномәдени, әлеуметтік сипатын анықтаудың қажеттілігін В.В. Радлов, В.В. Бартольд, Н. Катанов, А.Н. Самойлович, С.Е. Малов, Н.К. Дмитриев, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, Қ. Жұбанов, І.К. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ә. Қайдар, Т. Жанұзақов, Ә. Абдрахманов, Е. Жанпейсов, Қ. Рысбергенова, Г.Б. Мадиева, А. Жартыбаев т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерінде жан-жақты көрсетті.

Тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы – антропонимика. Антропонимика – кісі есімдері, әкесінің аты (*patronym*, отчество), лақап аттар (прозвища) мен бүркеншік аттарды (псевдонимы) зерттейтін ономастиканың бір саласы. Қазақ тілінде ономастиканың антропонимика және этноантропонимика мәселеріне қатысты Телқожа Жанұзақов «Қазақ есімдерінің тарихы» [2] атты еңбегінде антропонимиканың зерттелу тарихы жайлы жазған болатын. Ғалым Ресейде алғаш жарық көрген Е.В. Волховитиновтың төл есімдердің қойылу заңын, ондағы әдет-ғұрыптарға баса назар аударған еңбегін ерекше бағалайды.

Жалқы есімдер адамдардың бір-бірін түсінуі және қарым-қатынас жасауы үшін өте маңызды. Антропоним (грек.

*anthropos* – адам, *онума* – есім, ат) – адамдардың өзіне меншікті есімдері, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары болса, антропонимика *антропонимдерді* зерттейтін онамастиканың тармағы. Сонымен бірге антропонимика әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің де аттарын зерттейді. Лингвистикада антропонимдердің жиынтығы *антропонимия* деп аталады [3, 25].

Антропонимдер адам есімдерін атауға байланысты болғанына қарамастан, мәдениет тарихымен, адам психологиясының ерекшеліктерімен, салт-дәстүрмен және т.б. көптеген құбылыстармен байланысты аттар категориясының өте киын спектрін береді. Антропонимдер адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады. Халықтың әдет-ғұрып, тарихи дәстүрлері мен кісі аттарының арасында тығыз байланыс бар.

Қазақ ономаст ғалымдары Т. Жанұзақ пен Қ. Рысбергеннің пікірінше: «Антропонимдік жүйенің қызметі әрбір қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өресінің дамуымен ұштасып жатады. Тіліміздегі кісі аттары қоғамның даму кезеңі, оның мәдениеті мен этнологиясы, саяси экономикалық жағдайы, қоғамдық құрылысы жөнінде мағлұмат береді» [4, 43].

Түркі халықтары оның ішінде Орта Азия халықтарының есімдері бір-біріне өте ұқсас келеді. Бұл халықтар діни ұғымдар негізінде балаларға ат қоюда табиғатқа бас ию сияқты әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Мысалы: *Құдайберген, Тәңірберген, Алдамжар, Аллаберген, Таңшолпан, Күнімай, Айтуған, Аймереке, Қамарсұлу* т.б. кісі есімдері осындай жағдайдан келіп шыққан.

Бұл мәселеге кезінде Ш.Уалиханов былай деп пікір айтқан: «Ырым мен әдет-ғұрып салт-санаға тән». Мәселен, ұлы жоқ ата-аналар қыз балаларға *Ұлтуған, Ұлбала, Ұлжан, Ұлтуар, Ұлболсын, Ұлдархан, Ұлданай, Ұлжалғас, Ұлмекен* деген есімдерді қоюы ұлды қастерлеу, жоғары бағалаудан, қыздың артынан ұл ерсін деп ырымдау негізінде шықса керек [5, 163].

Профессор Ғ. Мұсабаевтың «Қазақ тіліндегі кейбір кішірейткіш жұрнақтар» деген еңбегінде тілдегі сөздер мен антропонимдердің жасалу заңдылықтарындағы ұқсастықтарға тоқталып кетеді. Көрнекті ғалым кісі есімдеріндегі еркелеткіш, *-қан, -жан, -тай*, сияқты жұрнақтардың семантикасы мен қызметі туралы айтады.

Қазақ тілінде кісінің тегі (фамилия) XVIII

ғасырдан бастау алады. Оның қалыптасуы Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңмен ұштасады. Кісінің тегі орыс тілінен енген аффикстермен *-ов-(а), -ев-(а), -ин-(а)* сипатталады: *Ауезов, Дулатов, Жұмабаев, Кекілбаев, Алтынсарин, Майлин*. Қазіргі таңда қазақ антропонимдері орыс тіліндегі кірме аффикстердің бұғауынан босап, дүниеге келген сәбидің тегі ретінде атасының, әкесінің аты беріледі. Ресми қарым-қатынаста кісі есімі мен әкесінің аты қатар аталады. Әкесінің атына *-ұлы, -қызы* деген сөздер жалғануы арқылы жасалған кісі тегіне қатысты мынадай мысалдарды келтіруге болады: *Бауыржан Момышұлы, Шона Смаханұлы, Шерхан Мұртаза*.

Ф.М. Әшімханова «Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі» атты диссертациясында «Қазақ ономастикасының зерттелу тарихына аналитикалық шолу жасалған еңбекте бұл саладағы зерттеулер 4 кезеңге бөлінген. Соның ішінде жалқы есімдерге қатыстылары мыналар:

*1-кезең:* 1950-1970 жылдар аралығы (Т. Жанұзақов «Лично-собственные имена в казахском языке» 1961 ж.; «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» 1965 ж.; «Қазақ есімдерінің тарихы» 1971 ж.).

*2-кезең:* 1970-1990 жылдар аралығы (Т. Жанұзақов «Очерк казахской ономастики» 1982 ж.; Е. Керімбаев «Атаулар сыры» 1986 ж.; «Қазақ есімдері» 1988 ж.; В. Махпиров «Собственные имена в памятнике X в. «Дивану лугат ат-турк Махмуда Кашгарского» 1980 ж.).

*3-кезең:* 1990-2000 жылдар аралығы (В. Махпиров «Имена далеких предков» 1997 ж.; М. Мұсабаева «Қазақ тіліндегі антропонимиялық «аталымдардың» этнолингвистикалық сипаты» 1995 ж.; У. Мусабекова «Мотивационный аспект антропонимов казахского и русского языков» 1996 ж., Е. Керімбаев «Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен» 1992 ж., К. Головина «Сопоставительный анализ идиоэтнических топонимов и антропонимов русского и казахского языков»; К. Жаппар «Эстетические функции имен собственных в поэзии О. Сулейменова» 2000 ж.).

*4-кезең:* XXI ғасырдың басы, жаңа кезең (Б. Көшімова «Қазақ лексикасындағы бейонимдену үрдісі» 2001 ж.; Б. Досжанов «Қазақ тіліндегі көне антропонимдер» 2003 ж.; Д. Керімбаев «Қазақ фольклорындағы жалқы есімдердің құрамы мен этнолингвистикалық сипаты», 2004 ж.; Г. Аубакирова «Идиоэтническая семантика и лингвостилистические функции собственных имен в художественном тексте» 2004 жыл [6].

Сонымен бірге ономастикалық лингвокультуремалардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерді танытуда атқаратын қызметі ерекше. Себебі ономастика өзінің бойына лингвистикалық, тарихи, өркениеттік және мәдени деректерді жинаған ерекше лингвомәдени бірліктер жүйесі болып табылады. Олар халықтың бітім болмысы мен өмірге көзқарасынан хабар береді.

Қазақ тіл біліміндегі ономастика, антропонимика саласын қалыптастырушы ғалым Т. Жанұзақовтың антропонимдердің қалыптасу, даму кезеңдерін басқаша жіктеген. Атап айтқанда:

1) ескі түркі кезеңі (V-X ғғ.) пұтқа табынуға байланысты жалқы есімдер.

2) ортағасырлық кезеңі (X-XVII ғғ.) туыстық атаулар, тайпа, ру атауларымен, жануар мен өсімдіктер, астрономиялық атаулар, қымбат тастар мен материалдық мәдениет пен тұрмыс, әлеуметтік-саяси терминдермен байланысты.

3) XVII-XIX ғғ. кезең негізінен аппелятивтік лексикамен байланысты қалыптасқан жаңа атаулар және т.б.

4) Кеңес кезеңі жаңа дәуірге сәйкес жаңа ұғымдармен байланысты есімдер [7, 15].

Қазақстанда 50-ге жуық ономастика саласы бойынша кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды (Т. Жанұзақ, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев, В.Н. Попова, О.А. Сұлтаньяев, Е.Ә. Керімбаев, В.У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, Г.Б. Мәдиева, Қ. Рысберген, А. Жартыбаев, Ғ. Сағидолда, Б.М. Тілеубердиев, К.М. Головина, М.А. Диарова, С. Иманбердиев, С.Е. Керімбаева, М.Е. Какимова т.б.).

Т. Жанұзақ пен Қ. Рысбергеннің еңбектеріне сүйене отырып Г.Б. Мәдиева қазақ ономастикасының қалыптасуы мен дамуының үш кезеңін шартты түрде былай сипаттайды:

– бірінші кезең – 1949-1970-шы жылдары. Бұл кезеңде Қазақстандық ономастикалық мектеп қалыптасты; қазақ топонимдері мен антропонимдері зерттелді, олардың этимологиясы, құрылымдық және лексика-семантикалық топтары анықталды; топонимиялық жүйенің стратиграфиясы айқындалды; географиялық терминдердің топонимдер жасаудағы орны мен рөлі анықталып, зерттелді;

– екінші кезең – 1970-1995 жылдар арасы. Бұл кезеңде аймақтық топонимиялық зерттеулер дами түсті; ономастикалық теорияларға назар аударылды; топонимдер мен антропонимдер этнолингвистикалық бағытта зерттеле бастады; ономастикалық зерттеулердің

ауқымы кеңейді – космонимдер, зоонимдер, Қазақстан территориясындағы орыс топонимдері зерттелді; топонимиялық және антропонимиялық атауыштық уәждер анықталды; түркі-моңғол топонимиялық сәйкестіктер зерттелді; ономастикалық қолданбалы аспектілер қарастырыла бастады, транскрипция мен транслиттерация негіздері жетіле түсті, жалқы есімдерді стандарттау мәселелері қарастырылды, ономастикалық сөздіктер жасалды;

– үшінші кезең – 1995 жылдан күні бүгінге дейін. Бұл кезеңде аймақтық топонимиялық зерттеулер өз жалғасын тапты; ономастикалық сөздіктер жасалды; топонимдер мен антропонимдердің салғастырмалы зерттеулері даму үстінде; ономастикалық зерттеулердің нысандары эргоним, идеоним, мифонимдер болуда; жалқы есімдерді зерттеуде жаңа әдістер мен бағыттар қолданыла бастады [8].

Қазақ есімдерін жан-жақты зерттеп, көптеген еңбектер жазған ғалым Т. Жанұзақов «Есіміңіз кім» атты кітабында қазақ есімдерінің шығу тарихын, жасалу түрлерін анықтады. Бұл еңбекте «Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен замандардан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді» – деп жазады. Сонымен қатар, қазақ есімдерінің лексикалық тұрғыдан талдап, оларды төмендегідей лексика-семантикалық топтарға жіктеді:

1) мал шаруашылығымен байланысты есімдер (*Жылқыбай, Малыш, Қойбағар, Ақбота, Бұқабай*);

2) табиғат құбылысымен байланысты есімдер (*Таубай, Теңізбай, Боранбай, Айдай, Шолпан, Күнтуған*);

3) аңдар мен үй хайуандары және құстарға байланысты есімдер (*Арыстан, Түлкібай, Бөрібай, Бүркіт, Қыран, Сұңқар, Қарлығаш, Лапын*);

4) асыл металдар мен қымбат заттар атауларына байланысты есімдер (*Болат, Темірхан, Гаухар, Алтынбек, Күміскүл, Маржан, Тастай*);

5) өсімдік аттарымен байланысты есімдер (*Райхан, Раушан, Қызғалдақ, Ақгүл, Гүлдерай, Қарақат, Қалампыр*);

6) жеміс-жидек аттарымен байланысты есімдер (*Алма, Анар, Өрікбай, Мейіз*);

7) туыстық атаулармен байланысты есімдер (*Атабек, Бабажан, Жиенқұл, Туғанбай*);

8) жер-су аттарынан қойылған есімдер (*Алтай, Орал, Еділ, Жайық, Дария*);

9) үй жиһаздары мен мүліктеріне байланысты есімдер (*Шара, Табақбай, Айнагул*);

10) түрлі тағам аттарына байланысты есімдер (*Айранбай, Шырын, Сүттібай, Шекер*).

Адам есімі адам өмірінде ерекше рөл атқарады. Адамға қандай есім берсең, солай өмір сүреді деп бекер айтпаған болса керек. Адам есімі адам туралы мәлімет беретіні анық. Сол себептен болар, халық қашанда өзі сүйіп, құрметтеген өнер адамдарының ерекше қасиеттерін есіміне қоса айтып, қатты қастерлеген. Мұндай есімдер өте көп-ақ. Бірақ ел аузында көптің бәрі емес, бірегейі ғана жиі қайталанып айтылып жүреді. Сондай мысалдардың ішінде соңғы кезде қалыптасып, таралып кеткен Абай, Жамбыл, Күләш, Сәкен, т.б. сынды біртуар жандар тіпті халық батасының ішінен орын алды. «*Жамбылдың жасын берсін, Абайдың басын берсін, Сәкеннің сәнін берсін, Күләштың әнін берсін*» дейтін ақ бата, тілектер де ел аузында жиі айтылады.

Бұл да болса өсер ұрпағына осылардай елінің елеулісі, халқының қалаулысы болып өссе екен деген игі тілек пен тәрбиелік уағыз дарыса екен деген үміт, ізгі ой, ниеттен туған тіркестер болып табылады.

Тілде адам есімдерінің шығуы, пайда болуы әр түрлі қоғамдық кезеңдерге тән қасиет. Сол себептен, кісі есімдерінің шығуы мен дамуы тұрмыстық, әлеуметтік негіздер әсер ететіні сөзсіз. Осындай тарихи ономастиканың халық тарихы мен салт-дәстүрінің байланысына сай өзіндік ерекшеліктері бар. Ономастика – ең алдымен, тіл тарихына тән лингвистикалық ғылым. Себебі, жер, су аттары халықтың бай тілінен жасалған. Сол себептен де, олардың құрамында әр кезеңге, қоғамдық құрылысқа тән сөздер кездеседі. Есімдер атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып ұзақ уақыт бойы өмір сүреді.

#### Әдебиеттер

- 1 Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред. басқарған проф. Э.Д. Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
- 2 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 215 б.
- 3 Қалиев Ф. Тіл білімінің терминдерінің сөздігі. – Сөздік-Словарь, 2005.
- 4 Жанұзақов Т., Рысберген К. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. – Алматы: Азия, 2004. – 192 б.
- 5 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 618.
- 6 Әшімханова Ф.М. Қазақ тіліндегі антропонимдердің лингвомәдени жүйесі: фил.ғыл.канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 112 б.
- 7 Джанузакон Т.Д. Основные проблемы ономастики казахского языка: автореф. дисс. доктора филол. наук. – Алма-Ата, 1976. – С. 15-24.
- 8 Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.

#### References

- 1 Til bilimi sozdigi / Zhalpy red. baskargan prof. E.D. Suleimenova. – Almaty: Gylym, 1998. – 544 b.
- 2 Zhanuzakov T. Kazak esimderinin tarikhy. – Almaty: Gylym, 1971. – 215 b.
- 3 Kaliev G. Til biliminin terminderinin sozdigi. – Sozdik-Slovar, 2005.
- 4 Zhanuzakov T., Rysbergen K. Kazak onomastikasy: zhetistikteri men bolashagy. – Almaty: Aziya, 2004. – 192 b.
- 5 Aitbaev O. Kazak til biliminin maseleleri. – Almaty: Arys, 2007. – 618.
- 6 Ashimkhanova F.M. Kazak tilindegi antroponimderdin lingvomadani zhuyesi: fil.gyl.kand. ... dis. – Almaty, 2007. – 112 b.
- 7 Dzhanzuzakov T.D. Osnovnye problemyonomastiki kazakskogo yazyka: avtoref. diss. doktora fil.nauk. – Alma-Ata, 1976. – S. 15-24.
- 8 Madieva G.B. Ymya sobstvennoe v kontekste poznaniya. – Almaty: Kazak university, 2004. – 190 s.